

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

тағы талдау мен жоспарлаумен байланысты. Сондықтан, бастауыш мектеп оқушыларының теориялық білімді игеруімен, олардағы осы психологиялық жаңа формацияларды қалыптастыруға қолайлы жағдайлар туындайды. Оқу үдерісіндегі әмбебап білім беру іс-әрекеттерінің коммуникативтік компонентін қалыптастыру құралдарын таңдау өзекті мәселе болып табылады.

Жалпыланған сипаттағы коммуникативті және сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлері ең алдымен сыныптан тыс жұмыстарға қолданылады. Пікірталас орынсыз болатын тақырыптар болмағандықтан және шағын топтардағы оқушылардың жұмысы жалпы нәтижеге жету барысында әртүрлі көзқарастарды үйлестіруді қажет етпейтіндіктен, өзекті мәселе – мазмұнды таңдау және нақты дамыту ең тиімді білім беру міндеттерінің жиынтығы (әр пәндік бағыт бойынша), ең бастысы, сыныптағы білім беру ынтымақтастығын ұйымдастыру әдістерін меңгеру кезінде («мұғалім-оқушы», «студент-студент»).

Коммуникативті әмбебап білім беру әрекеттерін қалыптастыру үшін, келесі тапсырма түрлерін ұсынуға болады: серіктеске тапсырма құрастыру; досыңның жұмысын еске түсіру; сөзжұмбақ құрастыру бойынша топтық жұмыс; «кім туралы сөйлесіп отырғанымызды болжап біл»; диалогты тыңдау (кері байланыс үшін сұрақ құрастыру); «әңгіме дайында ...», «ауызша сипатта...», «түсіндір ...» т.б.[9].

Бұл коммуникативті оқу әрекеттерін дамытып, оқушының мұғаліммен және сыныптастарымен ынтымақтастыққа дайындығы мен қабілетін қамтамасыз етуі және жеке тұлғаның қоғаммен және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын анықтайтын адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастыруы тиіс мектептегі оқытудың бастапқы кезеңі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Л.И. Божович «Личность и ее формирование в детском возрасте» / М., 1968
2. Л.П. Боева «Человек: деятельность и общение» / М., 1978
3. В.С. Грехнев «Культура педагогического общения» / М., 2010
4. О.И. Даниленко «Культура общения и ее воспитание» / Л., 1989
5. О.С. Марьяшина «Формирование культуры межличностного общения младших школьников в игровой деятельности в общеобразовательных учреждениях: диссертация кандидата педагогических наук: 13.00.01»
6. Р.С. Немов «Психология. Психодиагностика. Введение в научное психологическое исследование с элементами математической статистики» / М., 1998
7. Н.И. Непомнящая «Становление личности ребенка 6-7 лет» / М., 1992
9. Р.В. Овчарова «Практическая психология в начальной школе» / М., 2006

ӘОЖ 81-139

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Савельева О.В., 1 курс, педагогикалық институт, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Шолпанбаева Г.А., м.п.н., аға оқытушы; А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Осы жазылған мақала педагогтардың жаңа әдіс тәсілмен білім беру. Тәрбиенің дамуында жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін оқытушылар мен студенттердің арасындағы

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

қарым қатынастың жақсы болуы. Заман талабына сай жаңа технологияларды қолдана білу.

Елбасымыздың Жолдауында «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын оқытушы жауапкершілігінің өсуі, танымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ.

Қазіргі таңда білім сапасы едәуір дамыған заман. Заман талабына сай адамда өзгереді, сондықтан 21 ғасыр жаңа технология ғасыры деп айтсақ қателеспейміз. Бүгінгі қоғамның оқытушылар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі – сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Тұлға қалыптастыруда – оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану.

Мемлекеттік білім стандарты жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуді студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салары анық. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде теория жүзінде анықталып, практикада қолданыс тапқан әрі оқыту үрдісінің тиімділігін арттыратын жаңа әдіс-амалдарды инновациялық тәсілдер деп атайды. «Инновация» ұғымы білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану дегенді білдіреді. Білім беру процесіне енгізілген инновация адамның кәсіптік қызметіне тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістің, жекелеген оқытушы мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесінен туындайды. Бұл процесс өздігінен дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді [1, 54Б].

Қазіргі таңда оқу орындарында педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе – оқыту, білім беру және тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі студенттің жеке тұлғалық сапаларынан көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс.

Педагогикалық озат тәжірибенің тар мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды, себебі ол жоғарғы оқу орындарында жаңалық енгізеді. Сондықтан бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі оқытушы ғылымда белгілі принциптер мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып немесе ескі әдіс-тәсілдерді тиімді етіп ұштастырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса кез келген жақсы тәжірибені жоғарғы оқу орындарының тәжірибесіне енгізуге болады, сондықтан жаңашыл оқытушылардың іс-тәжірибесіне жан-жақты талдап, қорытындылап тарату керек.

Негізгі педагогикалық тәжірибенің белгілері, оған қойылатын талаптар: қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі. Оқытушы мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері өмір талаптарына сай жұмыс істеп, педагогикалық процесті жетілдірудің тиімді жолдарын табады. Педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері. Педагогикалық «өнім» студенттердің білім, іскерлік, дағдыларының, жалпы дамуының, тәрбиелілігінің деңгейі. Оқытушы сабақтарын дұрыс бағалап, студенттердің білім сапасын тексеріп, жауап алынатын сұрақтар: студенттердің бағдарламадағы оқу материалын меңгеруі; өз беттерімен білім ала білуі; теориямен алған білімдерін шығармашылықпен тәжірибеде қолдануы; студенттердің жалпы дамуы.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Білім сапасы студенттердің байқампаздығынан, талдау, жинақтау, абстракциялау іскерлігінен, оқу материалымен жұмыс істеу жолдарын анықтаудан, іс-әрекеттің жүйесін белгілеуден, өз іс-әрекетін бақылап, оған керек жағдайда түзетулер енгізуінен көрінеді. Студенттердің алғырлығы олардың пікірлерінен, мінез-құлқынан, жүріс-тұрысынан байқалады. Тәрбие дамуда тұрақты жақсы нәтижелерге жету үшін оқытушылар мен студенттердің өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы. Студенттерге шамадан тыс қосымша тапсырмалар беріп, басқа пәндерді меңгеруге зиян келтіріп, білім сапасын көтеретін тәжірибе озат тәжірибе деп есептелмейді. Педагогикалық озық тәжірибені оқу-тәрбие жұмысында үнемі дамытып және жетілдіріп отырады. Сондықтан, әрбір оқытушы еліміздегі жаңашыл оқытушылардың бай тәжірибесін белгілі педагоктар мен психологтардың ғылыми еңбектерін терең зерттеп, олардың ұсынғандарын өз ісінде шеберлікпен пайдаланғаны жөн.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық процессіз жоғарғы оқу орнының дамуы мүмкін емес. Белгілі ғалым Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі: білім мазмұнындағы инновация; оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы инновация; жоғарғы оқу орындағы басқару жүйесіндегі инновация.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңда оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Жоғарғы оқу орындарындағы білім сапасын арттыру үшін: Сабақта интерактивті әдістерді қолдану; Әр студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру, Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу; Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, оқу орны жағдайына бейімдеу. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Педагогикалық үрдісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивті оқытуды пайдалану оқытушыларды шеберлік жағынан шыңдайтынын дау тудырмайды. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі [2, 100Б].

Оқыту әдістерін тиімді пайдалану үшін шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы студенттердің пәрменді ойлауын дамытудың негізі болып табылатын әдістеме теориясының тірегі-әдістерді анықтап алу басты міндет. Мысалы, анализ әдісі-ойлаудың логикалық тәсілі, ал синтез-таным деңгейін көтеру әдісі. Синтез-талдау барысында бөлшектеген ұғымдарды жинақтау, біріктіру деген сөз. Студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеудегі білімдерін өзіндік таным тұрғысынан жинақтауға жетелейді. Сондай-ақ, шығармашылық пен жұмыс істеу әдістемесінде индуктивті-дедуктивті, эксперимент әдісі, салыстыру, қатысымдық, проблемалық, жаттығу, интерактивтік әдістер қолданылады. Салыстыру әдісі - дамыта оқыту технологиясының белсенді әдістерінің бірі. Сабаққа іріктелген жаттығу, тапсырма, ойындардың шығармашылық сипатта болуы өте маңызды. Оның маңыздылығы: студенттер үшін практикалық құндылығының болуы; студенттер өмірімен байланысты болуы; олардың интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына жағдай жасалуы; студенттердің қызығушылығын туғызуы; оқытудың практикалық мақсаттарына сай болуы керек [5, 2Б].

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар ұрпағын білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару оқытушылар алдындағы міндет болып табылады. Сондықтан қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту – оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс- тәсілдерін игеруді қажет етеді. Жаңа инновациялық іс-әрекетпен қаруланған психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын шығармашыл педагогзерттеуші, ойшыл оқытушы ғана мақсатқа жете алады.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнын оңтайлы анықтаудың тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр. Жаңа дәуір ұлттық бәсеке, мәліметтік сайыс, психологиялық өзгерістер сияқты көріністермен бөлене алады. Сондықтан сол кезеңге сай интеллектуалды, ой-өрісі жоғары дамыған, дені сау азаматты қалыптастыру – мемлекеттік сайыс, психологиялық өзгерістер сияқты көріністермен бөлене алады. Сондықтан сол кезеңге сай интеллектуалды, ой-өрісі жоғары дамыған, дені сау азаматты қалыптастыру – мемлекеттің бүгінгі күнгі ең өзекті мәселесі.

Бүгінгі студент, оқушы – ертеңгі маман. Жоғары оқу орнында білім беру үрдісінің болашағын жоспарлау, ол – экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани жұмыстардың қоғамдағы дамуына байланысты шешілетін мәселе. Білім беру студент қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан, оны басқарудың студенттің ой-өрісін дамытуға, өз өмірінің нысаны болуы үшін жағдай туғызуға негізделеді. Қысқаша айтатын болсақ, өмірлік тәжірибе ойды қозғайды, ойғылымды туғызады, ғылымның дамуы зерттеуді талап етеді. Қазіргі нарық кезінде озат тәжірибені дұрыс басқару үшін – орнымен бақылау, жоспарлау, болашақты болжау дұрыс бағдарлама жасауға жол сілтейді. Осының бәрі сайып келгенде болашақта жақсы маман даярлауға мүмкіншілік береді [3, 5Б].

Қазіргі кезде әлемдік экономика жаңа сапалық деңгейдегі білімге негізделген. Білімге негізделген салалардағы экономикалық өсудің қарқынынан тұрақты түрде асып отырады. Осы орайда, ақпарат легінің артуы және оның одан әрі шектеусіз өсу перспективасы, адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қоюдың нәтижесіз мақсат екенін көрсетеді. Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі – білім берудің құрылымын, мақсаттарын, мазмұны мен технологиясын түбегейлі өзгертулер енгізумен іске асырылады [4, 150Б].

Білім, білік, дағдыларды бұрынғыша механикалық түрде беру емес, ақпараттық – зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамиды және өзін-өзі ашық көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру – қазіргі басымдық болып табылады.

Падаланған әдебиеттер тізімі

1. А.А. Бейсенбаева «Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру» / А., 1995
2. Қ.М. Нағымжанова «Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті» / Ө., 2004
3. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы»
4. Ж.Бұзаубақова «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру» / А., 2006
5. Б.Әйтимова «Уақыт талабы – ізденіс», 2006